

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА
БІЛІМ БЕРУ МИНИСТІРЛІГІ**

РЕСПУБЛИКА БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ

**ФИЛОЛОГИЯ ПӘНДЕРІ БЛОК МОДУЛЫ БОЙЫНША
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМНІҢ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ІХ СЫНЫП



ТАШКЕНТ -2019

ТҮСІНІК ХАТЫ

Тіл білімінің алдына қойған әлеуметтік жағдай оқушы тұлғаны пікірлеуге, бөгделер пікірін аңғаруға және сол пікір нәтижесін ауызша және жазбаша тұрғыда сауатты баяндауға яғни коммуникативтік сауаттылықты дамытуға үйренуден тұрады.

Жалпы орта білім мекемелерінде қазақ тілін оқытудың негізгі **мақсаты** – оқушылардың өзіндік пікірлерін ауызша және жазбаша түрде дұрыс әрі анық баяндайтын, кітапқұмарлық мәдениеті қалыптасқан, өзбетінше және шығармашылықпен пікірлейтін, басқалардың пікірлерін аңғаратын – қарым-қатынас және сөйлеу мәдениеті дамыған тұлғаны дайындау.

Қазақ тілін оқытудың **міндеті** – оқушыны пікірлеуге, өзгелер пікірін аңғаруға, өз пікірін ауызша және жазбаша түрде сауатты баяндай алуға бағытталған сөйлеу компетенциясын дамыту; оқушыларда грамматикаға тиісті меңгерілетін білімдерді (фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис, жазу және емле, тыныс белгілер, тіл мәдениеті, стилистикаға тиісті түсініктерді) дамыту; қазақ тілінің мүмкіндіктерінен өнімді пайдалана отырып дұрыс және анық баяндай алуды дамытуға бағытталған лингвистикалық компетенцияларды қалыптастыру болып табылады.

Қазақ тілі сабақтарында оқушыларды өз бетінше және шығармашылық пікірлеуге бағыттау қажет. Соның үшін осы бағдарлама негізінде жаратылушы оқулықтарда шығармашылық ойлау тәрізін қалыптастыру, сабақты оқушылардың тілдік біліктілігін жүзеге келтіруге қарату мақсат етіп алынған.

Қазақ тілі пәнінің құрамды бөліктері мен түзілу негіздері. Жалпы орта білім мектептерінің 8-сыныпта өтілетін қазақ тілі пәні оқушыларды: қазақ тілінің фонетикасы, лексикасы мен грамматикасы, стилистикасы, тіл мәдениеті бойынша тілдің ауызша және жазбаша түрлерден кең және дұрыс пайдалану үшін қажет болған ғылыми-практикалық мәліметті беруді; қазақ тілінде дұрыс сөйлеу, емле мен пунктуациясының негізгі ережелерін меңгеріп алуды; түрлі сөздіктерден дұрыс пайдалана алуды; өз пікірін тіл жағдайына сай тәрізде, түрлі пішіндерде баяндай алу дағдыларын құрауды; белгілі бір хабарды немесе мәліметті түрлі пішіндерде бере алу жолдарын; күнделік тұрмыс үшін қажет болған іс қағаздарын жүргізу дағдыларын; жас және білім дәрежесіне сай болған көркем, ғылыми, саяси шығармаларды үйреніп, олар жөніндегі пікір-таластарды, жеке қатынасты ауызша және

жазбаша түрде дұрыс мазмұндай алу дағдыларын беруді негізгі міндет етіп алады.

Қазақ тілін оқытудың негізгі құралдары. Алғашқы басқышта: 1. Осы бағдарлама негізінде жаратылған оқулықтар. 2. Қазақ тілі бойынша сөздіктер: “Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі”, “Қазақ тілінің антонимдер сөздігі”, “Қазақ тілінің синонимдер сөздігі”, “Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі”, “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі”, “Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі”, “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі”.

Бұл құралдар қазақ тіліндегі энциклопедиялар, қазақ тілі сабақтарында ауызша және жазбаша бейне үшін түсіндірмелі альбом, істетілуі керек болған қажетті сөздер берілген сурет пен бейнелер және 5-9-сыныптар үшін 46 аттағы плакаттар жинағы, “Оқытушы кітабы”, “Диктанттар жинағы”, “Мазмұндамалар жинағы” және т.б. мен толықтырылуы мүмкін.

Білім әдісі. Білім әдісі, негізінен индуктив. Мұнда сабақтарда актив істеуші оқушының өзі. Әрбір сабақ шамамен төрт басқышты өз ішіне алады. 1. Қайталау. 2. Берілген материалдардың оқушылар тарапынан талдауы. 3. Берілген материалдарды оқытушы жәрдемінде жинақтау мен қорытынды шығару. 4. Меңгерген жинақтылықты іс жүзінде қолдау және сынау, оқу мәселелерін шешу. Оқушылардың мәтін түзу мен мәтін үстінде істеулері сабақты екінші, төртінші басқыштарында және сыныптан тыс берілетін тапсырмаларда орталық орында иелейді. Мәтіндер әр түрлі. Олардың анық түр мен көрінісі аз ғана оқулықта берілсе, негізінен, оқытушы тарапынан белгіленеді. Бағдарлама оқытушыға оқулықтағы барлық мәтіндерді өз құнты, талабы, жағдайының ыңғайлығына қарай алмастыру, оқыту үдерісін кең мағынадағы шығармашылық пен ізденімпаздық негізінде құруға толық мүмкіндік береді. Мәтін үстінде істеу тапсырмалары мен жаттығулары бұл бағдарлама мен оқулықтарға көптеп арналған. Оқушылар жаратуы тиіс болған мәтіндер бірнеше түрлі. Олардың негізгілері:

1. Сабақта алған теориялық білім мен дағдыны іс жүзінде қолдап мәтін түзу. Мұндай мәтіндер екі және үш сөйлемнен тұруы, монолог пен диалог түрінде, қысқаша бейне немесе әңгіме түрінде болуы мүмкін. Олардың анық түрін оқытушы басшылығында оқушының өзі таңдауы керек.

2. Берілген тақырып негізінде бейне (шағын мәтін). Мұндай бейнелер жазбаша және ауызша көріністерде оқушылардың жас және білім дәрежесіне тән мазмұнды көлемде орындалуы тиіс.

3. Шығарма мәтіннің жоғары көрінісі. Бағдарлама төмендегі шығармалар түрлерінен пайдалануды көздейді. Ғылыми шығарма, ғылыми-көркем

шығарма, көркем-шығармашылық шығармалар, бейнелі шығарма, еркін шығарма. Мәтін үстінде істеу барлық сыныптарда негізгі орынды иелейді.

Қазақ тілі пәні негізінен өз ішіне география, тарих, әдебиет, педагогика-психология, логика, этика, тіл мәдениеті және стилистика пәндерін қамтиды.

Әдеби білімді оқушының оқу әрекетін қалыптастыруға бағадрлап құру – білім мазмұнын жаңартудың бір ұстанымы етіп алынды.

Жоғары даму жолында нық қадаммен бара жатқан Өзбекстан халқының рухани дүниесі мен мәдени өмірінде жаңа дәуір басталғаны шындық. Бұл өз кезегінде білімді дәуір талабы дәрежесінде алып бару талап етілуде. “Қазақ тілі” пәнін оқыту және заманауи талаптар негізінде алып бару арқылы оқушылар тарапынан білімдерді игеру және көркем шығармаларды ұғыну арқылы әдеби тәлімнің мазмұны мен мақсаты, оны ұйымдастыруда білім принциптері негізінде оқушылардың дүниетанымын белсенді қалыптастыру және дамыту талап етілуде.

Оқытудың түрлерін түсініп меңгеру үшін шетел методистері іс-тәжірибелерінен алынған мысалдармен таныстыруымыз мүмкін.

Негізгі мәселе: 1. Оқытушы шығармашылығында оқыту мақсатының ерекшеліктері. 2. Оқыту мақсатын қолданудың ішкі процесі. 3. Оқыту процесінде оқушылардың ролі.

Республикамызда ғалым Б.Блум таксаномиясы, “Кейс стади”ға негізделген оқыту технологиясы, дәстүрлі болмаған тест технологиясы, “Бумеранг”, “3x4”, “БББ”, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту, семантикалық карта т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арқылы оқушыларға жоғары дәрежелі білім беру бүгінгі күннің талабы. Оқыту технологиялары, көптеген педагогикалық инновациялық іс-тәжірибелер, авторлық мектептер мен жаңашыл – мұғалімдердің проблемалары жан-жақты талдауды және жүйелеуді талап етеді.

Қазақ тілі пәнінің IX сынып оқу бағдарламасы мемлекеттік білім стандартының талабы негізінде дайындалды. Мемлекеттік білім стандартының IX сыныптар үшін негізгі мөлшер есептеледі. Осы сыныпты бітірушілер мемлекеттік білім стандартының жоғарыдағы дәреже үшін қойылған талаптарға жауап беруі шарт.

Қазақ тілі пәнінің есебінен басқа бір пәндерге сағат ажыратылуы керек болса, бағдарламадағы тақырыптардың мазмұны мен маңызын сақтаған түрде қайталау сағаты немесе кейбір жаттығулардың есебінен ажыратылуы ұсынылады.

Жалпы орты білім МБС-ның тірек оқу жоспарында қазақ тілін оқу пәнінен сыныптар бойынша оқу сағаттары төмендегіше белгіленген.

Сыныптар	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI
Аптасына	5	4	2	2	2	1	1
Жыл бойы	170	136	68	68	68	34	34

Аталмыш оқу бағдарламасы 2018 – 2019 оқу жылында XI сынып, 2019-2020 оқу жылында VIII-IX сыныптар, 2020-2021 оқу жылында V сынып, 2022-2023 оқу жылында VI, VII, X сыныптарда басқышпа-басқыш іс жүзіне асырылады.

IX сынып

(Апталық сағаты-2, жылдық сағаты - 68)

Оқушылардың оқу әрекетіне қойылатын талаптар:

140-160 сөзден тұратын диктант, 20-25 сөйлемнен тұратын шығармашылық мәтінге (мазмұндама, шығарма) жоспар түзіп, эпиграф таңдайды; мәтінде шығармашылық бейне құралдарын орынды қолдайды. Көркем жазу, тыныс белгілері мен емле ережелеріне мойынсұнады. 9-сыныпқа қойылған талаптарға қосылады: ғылыми (тарих, география, биология, химия, физикаға тиісті), әдеби-шығармашылық мәтіндерді және іс қағаздарынан мінездеме жазады.

Тіл жөнінде жалпы мәлімет: дүние тілдері, тілдердің бір-біріне байланыстылығы, қазақ тілінің тарихи шығу тегін біледі; сөйлемдердің жасалуына қарай түрлерін ажыратады да оларды синтаксистік талдау жасайды. Тіл ерекшеліктерінің мағынасын ажыратуда сөздіктерден өнімді пайдаланады. Тыныс белгілердің қолданылуын анықтайды. Құрмалас сөйлемдердің құрамында тыныс белгілерді дұрыс қолдайды. Сөйлеу мәнерінде жаңа сөз, сөйлемше мен терминдерді өз орнында қолдайды.

Оқушылардың оқу әрекетіне қойылатын талаптар (тереңдетілген)

Кіріспе және қайталау (4 сағат)

Тілдер туралы мәлімет. Түркі тілдерінің қыпшақ тобы. Түркі тілдерінің қарлұқ тобы. «Әлем тілдері және өзбек тілі» мәтінін танып талдауда негізгі тілдер семьясы индоевропа тілдер семьясы, түркі тілдер семьясы т.б. жайында қысқаша ұғымға ие болу. Түркі тілдерінің негізгі топтары. Өзбек тілін бұл семьядағы орны. Бұл мәтінде ажыратылған бөлімдердің талқылауы негізінде «Жай сөйлем» тақырыбын қайталау.

Синтаксис. Құрмалас сөйлем және оның жасалу жолдары (22 сағат)

Құрмалас сөйлем туралы түсінік. Құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің айырмашылығы. Құрмалас сөйлем туралы жалпы түсінік. Құрмалас сөйлемнің сабақтас, салалас және аралас болып бөлінуі. Олардың түр-түрлеріне ажыратылуы. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары.

Салалас құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік. Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері.

Ыңғайлас салалас. Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдерінің бір-бірімен жалғаулық шылаулар арқылы да, жалғаулық шылаусыз арқылы да, іргелес тұрып та байланыса беруі. Жалғаулық шылаулардың қатысуы-қатыспауына қарап, ыңғайлас салаластарды жалғаулықсыз ыңғайлас және жалғаулықты ыңғайлас салалас болып екіге бөлінуі.

Қарсылықты салалас. қарсылықты салаластың жалғаулықсыз қарсылықты салалас және жалғаулықты қарсылықты салалас деп екіге бөлінуі.

Түсіндірмелі салалас. Түсіндірмелі салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен ешбір жалғаулық шылаусыз, тек ұласпалы интонация арқылы байланысуы.

Себеп-салдар салалас. Себеп-салдар салаластың жалғаулық шылаулар және жалғаулықсыз шылаулар арқылы құрмаласуы. Себеп-салдар салаластың жалғаулықты және жалғаусыздық себеп-салдар деп екіге бөлінуі.

Талғаулы салалас. Талғаулы салаластың не, немесе, я, яки, болмаса, әйтпесе, не болмаса, я болмаса, әлде деген шылаулардың қатысуы арқылы жасалуы.

Кезектес салалас. Кезектес салалас бірде, біресе, кейде, деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулардың қатысуы арқылы жасалуы.

Салалас құрмалас сөйлемнің көп құрамды түрлері. Салалас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері.

Бақылау жұмысы

Әдебиеттер: 9, 10, 14, 18, 21.

Сабақтас құрмалас сөйлем (26 сағат)

Сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері. Сабақтас сөйлемдер құрамындағы бағыныңқы сөйлемдерінің басыңқы сөйлемдерімен мағыналық қарым-қатысына қарай алты түрге бөлінуі.

Шартты бағыныңқы сабақтас. Шартты бағыныңқы сабақтас туралы түсінік. Шартты бағыныңқы сабақтастың сұрақтары. Шартты бағыныңқы сабақтастың баяндауыштарының жасалу жолдары.

Қарсылықты бағыныңқы сабақтас. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас туралы түсінік. Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың баяндауыштарының жасалу жолдары.

Себеп бағыныңқы сабақтас. Себеп бағыныңқы сабақтас туралы түсінік, сұрақтары. Себеп бағыныңқы сабақтастың баяндауыштарының жасалу жолдары.

Мезгіл бағыныңқы сабақтас. Мезгіл бағыныңқы сабақтас туралы түсінік, оның сұрақтары. Мезгіл бағыныңқы сабақтастың баяндауыштарының жасалу жолдары.

Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас туралы түсінік, оның сұрақтары. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтастың баяндауыштарының жасалу жолдары.

Мақсат бағыныңқы сабақтас. Мақсат бағыныңқы сабақтас туралы түсінік, оның сұрақтары. Мақсат бағыныңқы сабақтастың баяндауыштарының жасалу жолдары.

Сабақтастардың тыныс белгілері. Сабақтастың құрамындағы жай сөйлемдердің арасына, негізінде үтір қойылуы. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің ортасында айтылса, оның екі жағынан үтір қойылуы.

Көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем және жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас. Бағыныңқы сөйлемдердің басыңқы сөйлеммен байланысу сипатына қарай көп бағыныңқы сабақтастың екіге бөлінуі; жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас және сатылы көп бағыныңқы сабақтас. Жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем туралы мәлімет. Бірыңғай және әр алуан жарыспалы сабақтас құрмалас. Бірыңғай жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.

Сатылы көп бағыныңқы сабақтас. Сатылы көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем туралы мәлімет. Бағыныңқы сөйлемдерді басыңқымен тікелей байланыспай, өзара біріне-бірі бағынып барып құрмаласқан құрмаластың сатылы көп бағыныңқы сабақтас болып аталуы.

Көп басыңқы сабақтас. Көп басыңқы сабақтас туралы мәлімет беру. Көп басыңқы сабақтастың жасалуы.

Бақылау жұмысы

Аралас құрмалас сөйлем

(2 сағат).

Аралас құрмалас сөйлем туралы жалпы мәлімет беру. Аралас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері.

Төл сөз бен төлеу сөз

(6 сағат)

Төл сөз бен төлеу сөз жайында жалпы түсінік. Төл сөз бен автор сөзі. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі. Төл сөздің тыныс белгілері.

Төлеу сөз. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары.

Бақылау жұмысы

Әдебиеттер: 9, 10, 14, 18, 21.

Тіл ұстарту

(4 сағат)

Тіл ұстарту. Тіл ұстарту - стилистиканың бір тармағы. Тіл ұстартудың ғылыми-практикалық маңызы. Тіл ұстарту жұмыстарының амал-тәсілдері. Тіл ұстартудың кейбір шығармашылық түрлері.

Оқу жылы соңындағы қайталау

(6 сағат)

V-IX сыныптарда өтілгендерді жинақтап жүйелеу. Қазақ тіл білімі және оның тараулары мен салалары жөнінде түсінік. Қазақ тілінің фонетикасы туралы. Қазақ алфавиті, орфографиясы туралы. Қазақ тілінің орфоэпиясы туралы. Қазақ тілінің лексикологиясы және сөз байлығы жөнінде ұғым. Тілдің актив және пассив лексикасы жөнінде түсінік. Қазақ тілінің грамматикасы және оның салалары. Сөздіктер жөнінде түсінік. Тыныс белгілерін дұрыс қолданудың негізгі жолдары.

Бақылау жұмысы - 8 сағат

Бақылау – тест – 4 сағат

Қазақ тілі пәнінен тақырыптық жоспар

IX сынып

№	Тақырыптар аты	Сағаттар саны		
		Жалпы	Теориялық	Практика
1	Кіріспе және қайталау	2	2	
2	Синтаксис. Құрмалас сөйлем және оның жасалу жолдары	20	20	
3	Сабақтас құрмалас сөйлем сағат.	20	20	
4	Аралас құрмалас сөйлем	2	2	
5	Төл сөз бен төлеу сөз	6	6	
6	Тіл ұстарту	2	2	
7	Оқу жылы соңындағы қайталау	4	4	
8	Бақылау жұмысы	8		8
9	Бақылау-тест	4		4
	Жалпы	68	56	12

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН
ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕККӨЗДЕР:**

1. O‘zbekiston Respublikasining 1997- yil 29- avgustdagi “Ta’lim to‘g‘risida” gi Qonuni.
2. O‘zbekiston Respublikasining 1997-yil 29-avgustdagi “Kadrlar tayyorlash milliy dasturi to‘g‘risida” gi Qonuni.
3. O‘zbekiston Respublikasi Vazirlar Mahkamasining 1999- yil 16 -avgustdagi “Umumiy o‘rta ta’limning davlat ta’lim standartlarini tasdiqlash to‘g‘risida” gi 390-sonli qarori.
4. O‘zbekiston Respublikasi Vazirlar Mahkamasining 2017 yil 6 apreldagi “Umumiy o‘rta ta’lim va o‘rta maxsus, kasb-hunar ta’limining davlat ta’lim standartlarini tasdiqlash to‘g‘risida” gi 187-son qarori.
5. O‘zbekiston Respublikasi Vazirlar Mahkamasining 2017 yil 15 martdagi “Umumiy o‘rta ta’lim to‘g‘risidagi Nizomni tasdiqlash haqida” gi 140-sonli qarori.
6. Каримов И.А. Жоғары руханият жеңілмес күш. Т.: Маънавият. 2008.-17 б.
7. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. А.: 1992.
8. Адамбаев Б. Қазақ тың шешендік сөздері. А.: 2006.
9. Aminov M. , Madvaliyev A. , Mahkamov N. , Mahmudov N. Ish yuritish. Toshkent: «O‘zbekistonmilliyensiklopediyasi» Davlatilmiynashriyoti, 2015.
10. Бектұров Ш. Қазақ тілі. (фонетика, лексика, морфология, синтаксис). А.: 2006.
10. Балақаев М. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. А.: 1992.
11. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. А.: 1998.
12. Байқабылов Ө. Дүйсебаева Д. Қазіргі қазақ әдеби тілі. (оқу қолданба). Т.: 2013.
13. Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Есмағанбетова Ш. Қазақ тілі (сөз мәдениеті

және шешендік). А.: 2001.

14. Исаев С. Грамматикалық ұғымдар мен категориялар. А.: 1992.

15. Исаев С. Қазақ тілі. А.: 2007.

16. Қазақ тілінің энциклопедиясы. Астана. 2006.

17. Mahmudov N. O'qituvchi nutqi madaniyati. 2-nashri. – T.:Alisher Navoiy nomidagi O'zbekiston Milliy kutubxonasi nashriyoti, 2009.

18. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. А.:1991.

19. Оразов М. Көмекші сөздер. 1-2-кітап. Т.: 1997.

20. Оразов М. Етістік. А.: 2002.

21. Орфоэпиялық сөздік. А.: 2007.

22. Хасенов Ә. Тіл білімі. А.: 2007.

23. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. А.: 1993.

IX сынып “Қазақ тілі” бағдарламасының жұмысшы топ мүшелерінің тізімі

№	Ф.А.Ж	Жұмыс орны	Қолы
1	Дилшодхужа Айтбаев.	Низами атындағы Ташкент Мемлекеттік педагогика университеті доценті.	
2	Азима Саттарова.	Ташкент облысы Жоғары шыршық ауданындағы 15- мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.	
3	Анар Умбетова.	Ташкент облысы Қыбырай ауданындағы 9- мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.	
4	Хурсанай Совдашева.	Ташкент облысы Төменгі шыршық ауданындағы 40- мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	
5	Гулнара Нишанова.	Республика білім орталығы методисті	
6	Усербай Байқабылов.	Республика білім орталығы методисті	